

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№4/2024

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Туркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 24.12.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 24.12.2024 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 24.12.2024 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS

АКИЖАНОВА Д.М., ОМАРОВА А.С., ЧЕШМЕДИЕВА-СТОЙЧЕВА Д.С.	Вопросы межъязыковой передачи топонимов Республики Казахстан	7
АҚЖІПТОВА А.О., САЛҚЫНБАЙ А.Б., СӘРСЕНБАЙ Ж.А.	Абай өлеңдеріндегі окказионалды субстантиваттар	18
АУБАКИРОВА А.Е., ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш., ЖУАНЫШПАЕВА С.Ж.	Новые термины на казахском языке: история и опыт	32
ӘЛІСЖАН С.Қ.	Термин қалыптастырудың өзекті мәселелері	44
БЕКЕНОВА Г.Ш.	Тұрақты тіркестердегі «төрт түлік мал» концептісі	53
ДАВЛЕТОВА С.Е., БИЖКЕНОВА А.Е.	Вернакулярлық контенттерді жер атауларында қолдану және оның тілдік-танымдық ерекшеліктері	61
ДОЛДИНОВ С.А. ЖУСУПОВА Г.М. ВЕРБА Е.А.	Аргументация и убедительная речь в политике Казахстана	76
ЖАКУПОВ Ж.А., ТҮЙЛЕБАЕВА Қ.Б.	Сөз семасиологиясындағы синергетика	88
ИБРАЕВА М.Б.	Постсубмәдениет өкілдерінің тілдік бейнесі	98
ISKAKOVA G.ZH., RYSPAYEVAD S.	Language and emotions: emotional lexicon in a literary text (based on the works of A. Kekilbayev, Ch. Aitmatov)	107
ИСПАНДИЯРОВА А.Т.	Қазақ халық лирикасындағы когнитивті метафораның семантикалық сипаты	121
SAGIDOLDA G., RAINBEKOVA G.S.	On lexicography of antonyms in the kazakh language	130
ТҮРҒАНБАЕВА Қ.М., САРЕКЕНОВА Қ.Қ.	Қазақ-түрік тілдеріндегі баланың дүниеге келуіне қатысты фразеологизмдердің этнографиялық сипаты	138
УРАЗАЕВА Қ.Б., ЖАРҚЫНБЕКОВА Ш.Қ., ЕРІК Г.	Языковая личность бия и эффективная коммуникация	147

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES

АБДРАСИЛ Н.С., ЖАПАРОВА А.Ж.	Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі метафораларды салыстырмалы талдау (түпнұсқа және аударма нұсқалары негізінде)	158
АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., ДАУЫЛБАЙ М.	Әбіш Кекілбайдың «Ханша-дария» хикаясындағы Гүрбелжін бейнесі	171
АСАН Н.Б., ХАЛИКОВА Н.С.	Әлішер Рахаттың «Параллель» романының қазіргі қазақ прозасының дамуындағы орны	179
БАЙТУРИНА У.К.	Русский социализм Н.Г. Чернышевского и русская идея Ф.М. Достоевского	189

КӘРІМХАН З.Т., ӘУБӘКІРОВА Қ.Ә., ТОҚТАРБАЙ Е.Н. МАНСУРОВА Ә.Ж. ОРДА Г.Ж.	Қазақ әдебиетіндегі мемуаристика. Отыншы Әлжанұлы жазған қазанама естелік ретінде	199
НЕСИПБЕКОВА А.С., СМАГУЛОВ Ж.К.	Мағжан мен Сәкен: тұлғалар тұтастығы	216
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б., БІРЛЕСОВА Б.Б.	Қазақ әңгімелеріндегі бақсы сарыны	225
TASNEKOVA A.T., ZHURUSSOV N.K., SHARAUOV A.K	Ideological and thematic basis of children's folklore in the research of Bekmurat Uakhatov	238
ТУРСЫНХАНОВА Қ.Қ., МУКАЖАНОВА Р.М. *ХУСАИНОВА А.К.	Шәкәрімнің ақындық кітапханасы Түркі фольклорындағы «әйел» бейнесінің гендерлік аспектісі	249 260

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ /
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ /
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

JANDILDINOV M.K., ZHAPAROVA A.ZH., TUSSUPBEKOVA M. ZH.	The role of online resources in the process of english learning	270
КЕРІМБЕКОВА Б.Д. ОТАРБАЕВА Ғ.Н.	Әдебиет сабағында оқушылардың креативті ойлауын қалыптастыра отырып шығармашылыққа баулу жолдары	281
ҚУАНБАЕВА Ж.С., БАЙҒҰТОВА Д.Н., ИБРАГИМОВА У.Б.	Цифрлық білім беруде геймификация оқытудың жаңа тәсілі ретінде	291

Қ.М. ТҰРҒАНБАЕВА¹ 

Қ.Қ. САРЕКЕНОВА² 

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: kymbat-9697@bk.ru¹, sarekenova_kk@enu.kz²)

ҚАЗАҚ-ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ БАЛАНЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУІНЕ ҚАТЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа. Мақалада баланың өмірге келуіне байланысты тұрақты тіркестер қазақ және түрік тілдерінде салыстырыла отырып, тілдік және этнографиялық талдаулар жасалды. Талдау барысында фразеологизмдердің этнографиялық сипаты анықталды. Мақаланың негізгі мақсаты – қазақ және түрік тілдеріндегі бала өміріне байланысты тұрақты тіркестердің этнографиялық сипатын ашу.

Мақала мазмұнына баланың дүниеге келген сәтінен бастап алғаш қадам жасағанға дейінгі кезең негіз болды. Сонымен қатар, талдау барысы балаға айтылатын бата-тілек мағынасындағы тұрақты тіркестер мен жалпы сәбиге қатысты әртүрлі фразеологизмдерді қамтыды. Этнографиялық тұрақты тіркестер қатарындағы қазақ тілінде кездесетін әрбір фразеологиялық бірліктің түрік тіліндегі баламасы мағына немесе тұлға жағынан байланысты екеніне көз жеткізілді.

Зерттеу нәтижесінде қазақ және түрік халықтарының ғұрыптарына сәйкес этнографиялық ерекшеліктері айқындалып, «бала өміріне байланысты тұрақты тіркестердің ұқсастықтарымен қоса, айырмашылықтары да жеткілікті» деген қорытынды пікір ұсынылды.

Түйін сөздер: этнография, фразеология, фразеологизмдер, салт-дәстүр, әлпештеу фольклоры.

Кіріспе. Тілдің ұлттық рух, ұлттық ерекшеліктері айқын көрінетін бөлшегі – фразеология. Оған халықтың бейнелі ойлауы негізделген. Адамдарға ерте кезден ойлаудың бейнелілігі тән болып келеді. Сондықтан дәйексөздерге жиі жүгініп, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестерді көп қолданамыз.

Ұлттық-мәдени ерекшелік мәселесі фразеология бойынша зерттеулерде дәстүрлі болып табылады. Әртүрлі тілдерде фразеологиялық бірліктерді оқыту тілдік бейненің жарқын сипатталуына ықпал етеді, сонымен қатар салыстырмалы аспектіде фразеологизмдерді оқыту типтік қауымдастықтарды анықтауға, әр тілдің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін тануға және сипаттауға мүмкіндік береді.

Талданып отырған фразеологиялық бірліктер қазақ және түрік халықтарының тарихи дамуының өзіндік ерекшелігін, рухани мәдениетін, тұрмыстық тәртіптің ерекшеліктерін, бала өміріндегі айтулы сәттерді және соған қатысты ғұрыптарды көрсетеді. Ал осы фразеологизмдер дегеніміз не? Оған Лингвистикалық терминдердің сөздігінде «ауыспалы мағынаға ие болған және кейбір семантикалық бірлігі бар бірнеше құрамдас бөліктерді жатқызған» [1, 74]. Ал түрік тілінің сөздігінде «ауыспалы мағыналы және сөйлеу мәнерлілігін беру үшін қолданылатын тұрақты тіркестер» ретінде қарастырылады [2, 576].

Тілдерді салыстырмалы зерттеу салыстырылатын тілдердің нақты материалдарын зерделеудің әдістері мен тәсілдерін қолдануды талап етеді, өйткені салыстырмалы

лингвистиканың кейбір мәселелері өзінің одан әрі шешімін талап ететін пікірталастық болып қала береді. Қазақ фразеологиясын өзге тілдермен салыстыра зерттеудің ерекше маңызы бар, себебі қазақ тілінің көркем және мәнерлі құралдары арсеналының басым бөлігі фразеологияға келеді. Ал кез келген тілдің фразеологиясы құрамы мен мазмұны жағынан бай және әр түрлі. Соның ішінде адамзат баласы үшін ең маңызды болып саналатын балаға, бала дүниеге келуіне қатысты тұрақты тіркестерді қазақ-түрік тілдерінде салыстыра талдау – біздің басты міндетіміз.

Бала өміріне байланысты тұрақты тіркестердің қазақ және түрік тілдерінің фразеологиялық қорында қандай орны бар, оның салт-дәстүр, ғұрыптардағы маңыздылығы неде?

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу материалдарына қазақ және түрік тілдеріндегі фразеологиялық сөздіктер, атап айтқанда, І.Кеңесбаевтың 1977 жылы жарық көрген «Фразеологизмдер сөздігі» және Омер Асым Аксойдың 1984 жылы жарияланған «*Deyimler sözlüğü*» пайдаланылды. Түрік тіліндегі аталған сөздікте ғалым фразеологизмдердің мақал-мәтелдерден айырмашылықтарын анықтаған. Ал І.Кеңесбаев сөздігінде қазақ тіліндегі фразеологизмдер, соның ішінде зерттеу нысаны ретінде алынып отырған бала өміріне қатысты тұрақты тіркестер мол қамтылған. Мақалада аталмыш сөздіктердегі балаға қатысты бірнеше фразеологизмнің этнографиялық сипаты талданады. Сонымен қатар, осы тұрақты тіркестердің қазақ және түрік тілдеріндегі мағына және тұлға жағынан ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталады. Фразеологизмдердің қолданыс аясын анықтау мақсатында әрқайсысына көркем шығармалардан мысалдар келтіріледі. Аталмыш екі тілдегі фразеологизмдерге талдау жасау барысында шетелдік және отандық ғалымдардың тұжырымдары беріледі. Нақтырақ айтқанда, Г.Смағұлованың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» (2020), Қ.Әбдуәлидің «Қазақ тіліндегі қос сөздер: зерттеу және сөздік» (2013), Э.В. Севортянның «Этимологический словарь тюркских языков» (1978), Л.З. Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» (1869) сынды еңбектер негізге алынды. Қазақ және түрік тілдеріндегі бала өміріне қатысты тұрақты тіркестердің этнографиялық сипатын ашу үшін тілдік талдау, сипаттамалы және салыстырмалы әдістер қолданылды.

Талқылау мен бақылау. Қазақ фразеологиясын тілдік тұрғыдан зерттеуді, соның ішінде оның теориялық-практикалық мәселелерін І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, С. Аманжолов, Ғ. Мұсабаев, К. Аханов, Р. Сәрсенбаев көтерген. Ең алғаш қазақ тіл білімінде профессор С. Аманжолов 1940 жылдары тұрақты тіркестерді зерттеуді қолға алу мәселесін көтеріп, ғылыми бағыттарын атап көрсетті. Ал 1980 жылдары фразеологизмдерге диалектология саласының мәліметтерінен әртүрлі фактілер келтіріп, қазақ әдеби тілімен салыстыра қарастырды. Алғашқы іргелі «Фразеологиялық сөздікті» І.Кеңесбаев 1977 жылы басып шығарды.

Кейінгі буын зерттеушілерінен Қ. Қалыбаева, С. Сәтенова, Р. Сыздықова, Г. Смағұлова, Р. Авакова және т.б. ғалымдар тұрақты тіркестердің тақырыптық-мағыналық топтарын, синтаксистік қызметін зерделеп, маңызды тұжырымдар жасаған. Нақтырақ айтар болсақ, Г. Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» және «Мағыналас фразеологизмдер сөздігі», Р. Авакованың «Фразеология теориясы» еңбегі тұрақты тіркестердің зерттелу тарихындағы құнды зерттеулер болып табылады.

Ал фразеологизмдердің түрік тілінде зерттелуі бойынша екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – Түрік Республикасы құрылғанға дейінгі кезең. 1480 жылы белгісіз автор және 1936 жылы Велет Избудакпен толықтырылған «*Atalar Sözü*» (Ата-бабалар сөзі) шығармасында мақал-мәтелдер ғана емес, кейбір фразеологизмдер де бар [3, 56]. Екінші кезең – Түрік Республикасы құрылғаннан кейінгі зерттеулер. Түркия Республикасы құрылғаннан кейін ұзақ уақыт бойы «таабир» (*ta'bir*) сөзі қолданылды.

Омер Асым Аксой жасалған сөздіктерде өз жұмыстарында дұрыс емес көзқарасқа қатысты өз пікірін білдірді. Ал Фетиха Гезлердің пікірінше, осы тақырып бойынша жалғыз кітап – Мұстафа Нихат Озонның «Түрік сөздігі» жұмысы [4, 6]. Омер Асым Аксой 1950

жылдың басынан бері жарияланған мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер арасындағы елеулі айырмашылықты, теорияны жетілдірген, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер теориясына үлес қосқан зерттеуші болып табылады және осылайша осы саладағы көптеген олқылықтарды толтырды.

Әрбір ұлт бала тәрбиесіне өзіндік ерекшеліктерімен әр түрлі мән беретіні анық. Сол сияқты қазақ халқының бала тәрбиесіне қатысты баяғы бағзы заманнан бері келе жатқан, қанға сіңіп қалған көптеген салт-дәстүр, ырым-тыйым, тілек-баталары қаншама. Оның дәлелі Әлпештеу фольклорына жататын ғұрыптар. Қазақта атам заманнан ұрпақ тәрбиесіне көп көңіл бөлінетін болғандықтан, халық санасына сіңіскен тіркестерді, оның ішінде сөздіктерге енгізілген тұрақты тіркестерді этнографизмдер қатарындағы өзіндік орны бар тіл байлықтары деуге болады. Ал осы мақалада салыстырыла қарастырылып отырған туыстас түрік тілінде де аталмыш фразеологизмдер бар. Олардың мағына және тұлға жағынан ұқсастықтарымен қатар, айырмашылықтары да жоқ емес.

Нақтырақ айтатын болсақ, ең алдымен, сәбидің дүние есігін ашқан сәтінен-ақ маңызды рөл атқаратын, қазақ танымында киелі де қасиетті ағаш төсек саналатын бесіктің тәрбиелік мәні өте зор. Бесіктегі бала ана әлдиімен, бесік жырымен тәтті ұйқыға кетеді. Ал осы өнегемен өрілген өлең жолдары сәбидің бойына көркем мінез бен ұлттық қасиетті дарытады. Сол себепті, қазақ халқында «Алтын бесік» тұрақты тіркесі бар. «Тәрбиелеген, өсірген орта, туып өскен мекен» [5, 20] мағынасындағы бұл тіркес І.Кеңесбаевтың фразеологизмдер сөздігінде де «туып-өскен құтты ұя, ел, Отан» [6, 24] деп берілген. Мысалы, «Туған жер – ауылым алтын бесігім. Оның адам өмірінде алатын орны ерекше, киелі ұғым» (С. Шаймерденов). Яғни, тіркес құрамындағы «алтын» сөзі арқылы өзі киелі бесікті туған жердей қымбат екенін дәлелдейді.

Ал түрік тілінің фразеологиялық қорында «Biri eşikte, biri beşikte» тұрақты тіркесі кездеседі. Омер Асым Аксой сөздігінде «Çocukları her küçük küçük» [7, 535] мағынасында берілген. Яғни, бұл – бір отбасындағы балалардың бірінен соң бірі жиі дүниеге келгенде айтылатын фразеологизм. Бұл тіркестен түрік халқының да жаңа туған сәбиді бесікке бөлейтін салтының барын аңғаруға болады. Қазақ тілінің сөздігінде «Бала басты болды» тұрақты тіркесі бар [6, 91]. Алайда бұл фразеологизмнің жоғарыда келтірілген түрік тіліндегі тіркестен айырмашылығы «Көп балалы болды» дегенді білдіретіндігінде. Яғни, қазақша нұсқада дүниеге келген балалардың арасы қаншалықты жақын екендігі нақтыланбайды. Алайда І.Кеңесбаевтың сөздігінде «Шиеттей балалар» фразеологизмі бар. Мағынасы: «Үйелмелі-сүйелмелі, өрімдей жас». Демек, балалардың арасының жақындығын білдіретін мағынасы бар тұрақты тіркес қазақ фразеологиялық қорына «үйелмелі-сүйемелі» сөзімен енген. Бұл қос сөзге Ә. Қайдардың сөздігінде «бір-біріне жасы, бойы шамалас, бір-біріне тетелес» мағынасы берілген [8, 385]. Мысалы, Мәди мен Сағи үйелмелі-сүйелмелі болып тетелес өсіп жатты (А.Әшімұлы).

Сонымен «бесік» ұғымы адамның кіндік қаны тамған мекені, өмірінің бастамасы, балалық шағы деген түсініктермен барабар. Оның дәлелі – «Бесіктен белі шықпаған» тұрақты тіркесі. «Әлі есеймеген, жақсылық пен жамандықты айырмаған тым жас бала» мағынасын білдіреді. Мысалы, «Өзіме берген азабыңа төзейін-ақ, екі перзентім, өзіңнің екі пендең бесіктен белі шықпай жатып не жазып қалуы мүмкін» (Ә. Тарази). Демек, сәбиді бесікке бөлеген кезде тартпа баулары арқылы белінен төмен қарай таңылатынын тура мағынасында білдіретін бұл тіркестің де бала тәрбиесінде маңызы зор. І.Кеңесбаев аталмыш тіркеске «қаршадай, кіп-кішкентай» деген мағына береді [6, 66]. Осы сөздікте «Бесік табы (табы белінен) кетпеген» деген фразеологизм де кездеседі. Мағынасы алдыңғы тіркеспен бірдей, яғни «жап-жас, аузынан ана сүті кетпеген» дегенді білдіреді. Мұндағы «тап» сөзі Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «Таңба, із, мөр, дақ» мағынасында кездеседі. Оған мысал, «Жүзіндегі сары уайым табы кетіп, ашық-жарқын сөйлейтін болды» (Д.Исабеков, Қарғын) [9, 523].

Бала тәрбиесінде шыр етіп өмірге келген сәтінен-ақ басты рөл атқаратын бесік сәбидің өмірлік маңызы бар оқиғаларына себеп бола алады. Яғни, қазақтың салт-дәстүрі бойынша,

бұрыннан таныс, дос болған адамдар балаларын туғаннан бастап бір-бірімен атастырып қоятын болған. Содан да «Бесік кертті күйеу» тіркесі, яғни, бесікте жатқанда атастырылған күйеу мағынасындағы фразеологизм пайда болған. Мәселен, «Қайнағаның үйіне келген жігіт сол үйдегі бикештің бесік кертті күйеуі екен, бағана іңір қараңғысында шұнақ қыздың өзі келіп, айтып кетті (АТ)». Сонымен қатар, «Бесік құда» немесе «Бесік кертті құда» деген көне тіркестер де бар. Мағынасы: Сәбилерді бесігінде атастыру арқылы болған жекжаттық [6, 66]. Мысалы, «Екіншісі – бесік құда. Бұл әдет-салт бойынша, жастардың ата-аналары балаларын бесікте жатқан кезінде-ақ атастырып, құда болысқан (М.Ғ.)». Мұндағы «бесік кертту» дегеніміз этнографиялық энциклопедияда отпен аластау ғұрыптарының бір түрі ретінде анықтама берілген. «Бесік кертту» ғұрпы баланы ең алғаш бесікке бөлер алдында атқарылады екен. Сонымен бірге, сәби тынышсызданып, ұйықтамай қоятын болса, «бесік кертту» жасалады. Әдетте, бұл ғұрыпты баланың әжесі атқарады. Яғни, қыздырылған темірмен бесіктің арқа тұсын және басын қари отырып, әже «Алас, алас, а, құдайым, тіл-көзден сақтай гөр! Тфә, тфә!» – деген аластау, қорғау магиясында қолданылатын сөздерді дауыстап айтады. Мұнысы бесіктегі балаға жын-шайтан жоламасын дегенді ырымдағаны. Демек, наным-сенімге толы бұл ғұрыптың мән-мағынасы бұрыннан бері сақталған. Ал кертту егістігі «ағашқа өткір жүзді құралмен таңба салу, ойып жазу» [10, 152] мағынасында қолданылады.

Дәл осындай мағынаны білдіретін тұрақты тіркестен түрік тілінің фразеологиялық қоры да кенде емес. Нақтырақ айтар болсақ, түрік тіліндегі «beşik kertme nişanlı» тұрақты тіркесі Омер Асым Аксойдың сөздігінде «beşik kertme iki ana babanın nişanladığı çocuklar» мағынасында кездеседі [7, 525]. Демек, бұл тұстан аталмыш екі тілдегі осы тұрақты тіркестің мағына жағынан да, тұлғасымен де ұқсас екенін байқауға болады. Сондықтан, қазақ даналығында «Тәрбие тал бесіктен» деген сөз бекер айтылмаса керек.

Кез-келген ана бесікте жатқан сәбиінің тыныштығы мен саулығы үшін күн демей, түн демей тер төгуге дайын. Қазақ тілінде осыған байланысты «Түн ұйқысын төрт бөлу» тіркесі бар. Мағынасы: «түні бойы көз ілмеу, таңды көзімен атқызу» [5, 330]. Бұл фразеологизмді төмендегідей мысалдан кездестіруге болады: «Түн ұйқысын төрт бөлген ананың ақ сүтін ақтамағаны несі? Менің ата-анам мұны көрсе не дейді (М. Ғабдуллин)». Жалпы әрбір әйел адам үшін ана болу – ең үлкен бақыт. «Қарға баласын апшағым дейді» демекші, ананың өз баласына деген аналық махаббаты әрқашан шынайы. Ол аналық махаббатын сәбиін құшақтау, құшырлана иіскеу, сүю сынды әрекеттермен білдіретіні анық. Осы баланы сүю егістігі қазақ тілінде ауыспалы мағынаға ие болып, «Бала сүю» фразеологизміне айналған. Перзент көріп, сәбилі болу мағынасын береді. Мысалы, «Адам өміріндегі ең үлкен қуаныш – бала сүю (Б. Момышұлы)» [5, 56]. Сол себепті де кез-келген ана үшін «Баласы балдан тәтті, оттан ыстық, күннен жарық, мамықтан жұмсақ» [5, 53]. Бұл тұрақты тіркестер І.Кеңесбаевтың сөздігінде «Ата-ананың балаға деген мейірі, сүйіспеншілігі» мағынасында кездеседі. Оған мысал: «Әркімнің өзінің баласынан артық көретіні жоқ екен ғой. Баласы өзіне Бала балдан тәтті, оттан ыстық, күннен жарық, мамықтан да жұмсақ екен ғой» деп ойлады (ҚЕ)».

Негізінен бала өміріне қатысты тұрақты тіркестер ғұрып, дәстүрге тікелей байланысты болғандықтан, Халық ауыз әдебиетінің Тұрмыс-салт жырларында жиі кездесетіні хақ. Демек, олардың көпшілігі ауыздан ауызға тараған Ауыз әдебиетінің қорынан да алатын орны айрықша. Ал «Ауызекі сөйлеу тілі қатысымды жақсарту және ақпаратты жіберу мен қабылдауды нақты әрі үнемді ету мақсатында өзіне тән эмоционалды және көркемдегіш құралдар қатарымен ерекшеленеді» [12, 121]. Сондықтан балаға қатысты фразеологизмдер сөйлесім әрекетіндегі күнделікті қолданыста да өзіндік этнографиялық сипатымен көзге түседі.

Сөйтіп, бала дүниеге келген кезде әртүрлі ізгі ниетті тілек-баталар айтылатыны сөзсіз. Олардың ішіндегі ең жиі таралғаны – «Бауы берік болсын!» этнографиялық мәні бар тілегі. Г.Смағұлованың сөздігінде «жаңа туған нәрестеге құтты болсын айту, игі тілек тілеу» мағынасында берілген. Мысалы, «О-о, немереңнің бауы берік болсын! Барамыз, сөзсіз

барамыз, – деді Әбекең қуанғанынан трубканы екі құлағына кезек тосып (Ш. Құмарова) [5, 67]. Ал І.Кеңесбаев бұл фразеологизмге екі түрлі мағына береді. 1. Жас балаға құтты болсын, өмірлі болсын деген сияқты тілек. 2. Мызғымайтын берік, табанды болсын дегені. Оған мысал: «Құнанбайларды ұра беріп, бұқтыра берсе, әсіресе жеңе берсе, бұның болыстығының бауы берік боп тұра беретіні айқын (М.Ә.)» [5, 67]. Мұның астарында жаңа туған сәби тезірек ширап, мықты болып өссін деген мән жатыр. Осы сынды тілек-баталар айтылғаннан кейін, балаға азан шақырып, ат қойылады. Яғни, қазақ тілінде «Ат қойды» тұрақты тіркесі кездеседі. Мағынасы: «есім берді, атады». Мысалға, «Құдайым кешіктірмей бір ұл беріп, молдалар оның атын Әзім қойған (Абай)» [6, 35] сөйлемін алатын болсақ, бұның бала дүниеге келгеннен кейін бірден жасалатын рәсімдердің бірі екенін байқауға болады.

Қазақ тілінде «азан шақыру» деген ұғым, түрік тілінде «ezan okumak» тіркесіне сәйкес келеді. Айырмашылығы тек тіркес құрамындағы етістіктерде екенін байқауға болады. Демек, түрік халқында бала дүниеге келгеннен кейін ең кеш дегенде бір апта өткен соң оң құлағына «ezan okuуur» есім беріледі. Бұл ғұрып атауын «bebeğe ismini okumak» деп атайды екен.

Сөйтiп, қырық күн бойы ат қойылған нәрестенің етi сүйегіне бекіп, қырқыншы күні қазақ дәстүрі бойынша «қырқынан шығады». Жаңа туған баланы қырық күн болған кезде қырық құмалақ қосып, қырық қасық шілде суға шомылдыратын ырым-салт – «Қырқынан шығару» фразеологизмі осыдан шыққаны анық.

Жалпы қазақ халқында адамның дүние есігін ашқан күнінен бастап өмірінің соңына дейін жасалатын салт-дәстүр, ғұрып, рәсімдердің барлығы дерлік аса маңызды әрі тәрбиелік мәні өте зор. Сол себепті қазақ этнографиясында бала тәрбиесіне қатысты тұрақты тіркестер жетерлік. Нәрестенің өсіп-жетілуі жаратылыс құбылыстары іспетті. Сонымен, бала қырқынан шыққаннан кейін оның дұрыс дамуының сатысы бойынша, 7-8 айынан бастап жүруге талпыныс әрекеттерін жасай бастайды, яғни, еңбектей бастайды. Баланың осы қимылын «еңбектеу» деп бекер атамаса керек. Адам кез-келген мақсатқа жету жолында өмір бойы қажырлы еңбек етіп, маңдай терін төтетіні белгілі. Сол сияқты бала өмірінің алғашқы «еңбегін» сәби кезінен-ақ тура және ауыспалы мағынасында да атқарып бастайды екен. Осыған байланысты, «Еңкейген кәріден еңбектеген жасқа дейін» деген фразеологиялық тіркесті қарастырайық. Бұл «барлық адамдардың жалпылама жинақтап айтылуы; үлкен-кішінің, бала-шағаның барлығы бір жерге топталуы, жиналуы» деген мағынаны білдіреді. Мұндағы «еңбектеген жас» тіркесі жоғарыда айтылған ойдың дәлелі. «Иә, бұл ақсаңдай басып елге оралғанда, осы Жұлдыз аулының еңкейген кәріден еңбектеген жасына дейін тайлы-таяғы қалмай ұбап-шұбап алдынан шыққан (О. Бөкей)» мысалынан да баланың жүруге талпыну әрекетін адамдардың түгел жиналуын білдіретін тіркес ретінде жұмсалып тұрғанын байқауға болады. [5, 101]. Содан кейін бала бір жасынан асқанда алғашқы қадамдарын тәй-тәй басып, өздігінен жүруге тырысады. Сол сәтте сәбидің өмір жолы ашық болсын деген ниетпен жасалатын «Баланың тұсауын кесу (қырку)» дәстүрі бар. Ол – «баланың апыл-тапыл жүре бастаған кезінде жасалатын ырым» [5, 53]. Этнографиялық сипатқа ие бұл фразеологизм сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген ырыммен ала жіп немесе тоқ ішектен аяғына тұсау жасап, оны қиятын дәстүрге байланысты жиі қолданылады. Сонда «Қадамы оң болсын!», «Өмір жолы ақ болсын!» деген сияқты ақ тілектер айтылады.

Байқағанымыздай, қазақ тіліндегі аталмыш тұрақты тіркестер көбінесе тілек-бата мағынасында кездеседі. Ал түрік халқының ұғымында баланың алғаш қадам басқан сәтінде қолданылатын жұбату мәніндегі тұрақты тіркес ойға оралады. «Çocuk düşe kalka büyü» фразеологизмі тәй-тәй басқан бала құлап қалған кездерде ата-анасы уайымдамауы үшін айтылады. Сөзбе сөз келтірер болсақ, «Çocuk yürümeye başladığı sırada sık sık düşer, ağlar. Anne, baba çocuğun canı yanıyor diye üzülmemelidir» [7, 581]. Яғни, бала жүре бастағанда жиі құлап, көп жылайды. Сол кезде анасы мен әкесі баланың бір жері ауырып қалды екен деп уайымдамағандары жөн.

Жалпы қазақ санасында балаға, бала тірбиесіне қатысты айтылатын сөздердің барлығы жүректен жақсы ниетпен, ізгі тілекпен шығады. Солардың қатарында «Бала берсе адалынан, ағынан берсін!» деген тілекті атап өтуге болады. «Ата-анаға, еліне, халқына қамқор болатын ұрпағың болсын деген мағынада». Сонымен қатар «Бала-шағаңның игілігін (рақатын) көр!» тілегінің мағынасы – «бала өсіріп, жұмсап, қызығын көр, қуанышқа кенел дегенді білдіреді» [5, 53].

Балаға қатысты фразеологизмдер қатарын «Бала сияқты әр нәрсеге сенгіш, аңқау, аңғал жан» мағынасындағы «Бала мінез» тұрақты тіркесімен және «Сәби сияқты риясыз, шын қуанды» деген мағынаны беретін «Балаша (баладай) мәз болды» фразеологизмімен толықтыруға болады. Себебі баланы жасынан тәрбиеге баулу оның мінезінің көркем, ақылының жетік болуына үлкен әсер етеді. Яғни, баланы ақ, адал, кіршіксіз мінезді етіп тәрбиелеу әр адамның міндеті саналмақ. Түрік халқының санасына да «çocuk gibi sevinmek», яғни «бала сияқты қуану» тұрақты тіркесі сіңген. «Pek çok sevinmek», қазақ тіліне аударғанда «өте қатты қуану» мағынасын білдіреді.

Нәтижелер. Қазақ және түрік тілдеріндегі балаға қатысты фразеологизмдерге салыстырмалы талдау жүргізу тарихи тіл білімі үшін де, отбасылық құндылықтарды сақтау мақсатында ауыз әдебиеті үлгілері үшін де аса маңызды. Демек, бала тәрбиесіне байланысты қазақ-түрік қоғамының санасында қалыптасқан көптеген ұқсастықтар барына көзіміз жетті. Сондықтан, қазақ және түрік тілдеріндегі адамның мінез-құлқын сипаттайтын фразеологизмдерді талдаған А.К. Колпенованың пікірінше, тұрақты тіркестер этномәдени функцияны атқарады. Яғни, мақала авторы «Халықтың наным-сенімінен туған салт-дәстүрлердің осылайша тілдік бірліктер арқылы сақталуы және синхронды, диахронды зерттеулерге нысан болуы өз кезегінде ұлттық менталитет пен мәдениетті адамзатқа кеңінен таныстыруға мүмкіндік береді» деген тұжырым жасаған [11, 75].

Мақалада сәбидің дүниеге келген сәтінен бастап алғаш қадам басқанға дейінгі өмірін сипаттайтын және жалпы балаға қатысты қазақ және түрік тілдеріндегі бірнеше тұрақты тіркестің этнографиялық сипаттамасы жасалып, лексика-семантикалық ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жүргізілді. Зерттеу жұмысының нәтижесі бала тәрбиесінде фразеологиялық бірліктердің маңызы қаншалықты зор екенін көрсетіп отыр. Сонымен қатар, тұрақты тіркестердің құрамындағы кейбір мағынасы таңсық сөздерге он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінен» анықтамалар берілді. Мысалы, «бесік кертті құда» немесе «beşik kertme nişanlı» тұрақты тіркесінің құрамындағы «кертту» етістігі «ағашқа ойып жазу, таңба салу» мағынасын білдіретіндігі дәлелденді. Сондай-ақ «бесік табы (табы белінен) кетпеген» фразеологизміндегі «тап» сөзі әдеби тілде «таңба, із, мөр, дақ» деген мағынаны білдіретіндігі атап өтілді.

Қорытынды. Этнографиялық сипат кез келген тілдің лексикалық қабаттарына, сондай-ақ мақал-мәтелдер мен фразеологизмдеріне берілуі мүмкін. Яғни, қоғам санасында қалыптасқан этномәдени элементтер сол халықтың салт-дәстүрімен тығыз байланысты болады. Сол секілді қазақ және түрік тілдеріндегі этнографиялық фразеологизмдер де бағзы заманнан бері санада сіңіскен тіркестер болғандықтан, олардың ұқсастықтарымен қатар айырмашылықтарын да саралап көрсетудің маңызы аса зор.

Аталған екі тілдегі тұрақты тіркестердің лексика-семантикалық ерекшеліктерін анықтап, этнографиялық сипатын зерделеу – тарихи лингвистиканың өзекті мәселелерінің бірі. Осының негізінде зерттеу мақаламызда «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» мен «Deyimler Sözlüğü» еңбектеріндегі этнографиялық фразеологизмдердің мағыналарын салыстыра зерттеп, олардың құрамындағы кейбір сөздердің этимологиясын анықтап, лексика-семантикалық қырын саралап, маңызды ғылыми тұжырымдар жасадық. Осы тұжырымдардың түйіні ретінде, бала өміріне қатысты аталмыш тұрақты тіркестердің мазмұнына екі тілдің туыстығы, кейбір салт-дәстүрлерінің ортақтығы әсер еткен деген қорытындыға келдік. Сол себепті қазақ және түрік халықтарының санасына сіңген ғұрыптар арқылы тараған баланың дүниеге келуіне байланысты фразеологизмдердің этнографиялық сипаты өте тереңде.

Әдебиеттер

1. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М., 1978. – 768 с.
2. Айтмұқашова А.А. Ғұрыптық фольклор лексикасы: идиоэтникалық семантика. филол. ғ.к. дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 189 б.
3. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. – СПб., 1869. – Т.1. – 810 с.
4. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – 3 кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 488 б.
5. Смағұлова Г. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: «Қазақ университеті», 2020 – 398 б.
6. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: ҚазАқпарат, 2007. – 356 б.
7. Ömer Asım Aksoy. Deyimler Sözlüğü. Dördüncü baskı. – Ankara: «Türk dil kurumu yayınları», 1976 – 968 s.
8. Әбдуәлі Қ. Қазақ тіліндегі қос сөздер: зерттеу және сөздік. - Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. – 456 б.
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13-том / Құраст. А. Фазылжанова, Н.Оңғарбаева, Қ. Ғабитханұлы және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том. / Құраст.: Б.Момынова, Б.Сүйерқұлова, А. Фазылжанова және т.б. – Алматы, 2011. 752 б.
11. Колпенова А.К. Қазақ және түрік тілдеріндегі мінез-құлықты сипаттайтын фразеологизмдер: функционалдық-параметрлік талдау. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 141(4), 2022. – 67-78 бб.
12. Kurmanbekova Z.R. A linguistic analysis of social network communication. ISSN 2329-2210 / International Journal of Society, Culture & Language, 11(1), 2023. 119-132 ss.

К.М. ТУРГАНБАЕВА, К.К. САРЕКЕНОВА

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

ЭТНОГРАФИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ, КАСАЮЩИХСЯ РОЖДЕНИЯ РЕБЕНКА В КАЗАХСКОМ И ТУРЕЦКОМ ЯЗЫКАХ

Аннотация. В статье проведен языковой и этнографический анализ с сопоставлением регулярных выражений на казахском и турецком языках, связанных с рождением ребенка. В ходе анализа был выявлен этнографический характер фразеологизмов. Основная цель статьи – раскрыть этнографический характер устойчивых выражений, связанных с жизнью ребенка на казахском и турецком языках.

Основой содержания статьи стал период с момента рождения ребенка до его первого шага. Кроме того, ход анализа включал регулярные выражения в значении благословения и желания, произносимые ребенку, и различные идиомы, относящиеся к ребенку в целом. В ряду этнографических регулярных выражений было убеждено, что каждая фразеологическая единица, встречающаяся в казахском языке, связана по смыслу или по характеру с турецким эквивалентом.

В результате исследования были выявлены этнографические особенности казахского и турецкого народов в соответствии с их обрядами и предложено заключительное мнение о том, что «устойчивых выражений, связанных с жизнью ребенка, достаточно, как сходства, так и различия».

Ключевые слова: этнография, фразеология, фразеологизмы, обычаи, фольклор

K.M. TURGANBAYEVA, K.K. SAREKENOVA

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

THE ETHNOGRAPHIC NATURE OF PHRASEOLOGICAL UNITS CONCERNING THE BIRTH OF A CHILD IN THE KAZAKH AND TURKISH LANGUAGES

Annotation. The article provides a linguistic and ethnographic analysis with a comparison of regular expressions in Kazakh and Turkish related to the birth of a child. The analysis revealed the ethnographic nature of phraseological units. The main purpose of the article is to reveal the ethnographic nature of stable expressions related to the life of a child in the Kazakh and Turkish languages.

The basis of the content of the article was the period from the moment of the child's birth to his first step. In addition, the analysis included regular expressions in the meaning of blessings and wishes pronounced to the child, and various idioms related to the child as a whole. In a number of ethnographic regular expressions, it was convinced that every phraseological unit found in the Kazakh language is related in meaning or character to the Turkish equivalent.

As a result of the study, the ethnographic features of the Kazakh and Turkish peoples were identified in accordance with their rituals and a final opinion was proposed that «stable expressions related to the life of a child are enough, both similarities and differences».

Keywords: ethnography, phraseology, phraseological units, customs, folklore

References

1. Sevortjan Je.V. Jetimologicheskij slovar' tjurkskih jazykov. – M., 1978. – 768 s. [in Russian]
2. Aitmūqasova A.A. Čūryptyq fōlklor leksikasy: idioetnikalyq semantika. filol. ğ.k. diss.: 10.02.02. – Almaty, 2007. – 189 b. [in Kazakh]
3. Budagov L. Z. Sravnitelnyj slovar' turecko-tatarskih narechij. – SPb., 1869. – T.1. – 810 s. [in Russian]
4. Qondybai S. Arġyqazaq mifologiasy. – 3 kitap. – Almaty: Daik-Pres, 2004. – 488 b. [in Kazakh]
5. Smaġūlova G. Qazaq tiliniñ frazeologialyq sözdıǵı. – Almaty: «Qazaq universiteti», 2020 – 398 b. [in Kazakh]
6. Keñesbaev I. Qazaq tiliniñ frazeologialyq sözdıǵı. – Almaty: QazAqparat, 2007. – 356 b. [in Kazakh]
7. Ömer Asım Aksoy. Deyimler Sözlüğü. Dördüncü baskı. – Ankara: «Türk dil kurumu yayınları», 1976 – 968 s. [in Turkish]
8. Äbdüäli Q. Qazaq tilindeǵı qos sözder: zertteu jäne sözdık. - Almaty: «Sardar» baspa üii, 2013. – 456 b. [in Kazakh]
9. Qazaq ädebi tiliniñ sözdıǵı. On bes tomdyq. 13-tom / Qūrast. A. Fazyljanova, N.Oñǵarbaeva, Q. Čabithanūly jäne t.b. – Almaty, 2011. – 752 b. [in Kazakh]
10. Qazaq ädebi tiliniñ sözdıǵı. On bes tomdyq. 7-tom. / Qūrast.: B.Momynova, B.Süierqūlova, A.Fazyljanova jäne t.b. – Almaty, 2011. 752 b. [in Kazakh]
11. Kolpenova A.K. Qazaq jäne türık tilderindeǵı munez-qūlyqty sipattaityn frazeologizmder: funksionaldyq-parametrlik taldau. – Astana: L.N. Gumilev atyndaǵy EÜU Habarşysy. Filologia seriasy, 141(4), 2022. – 67-78 bb. [in Kazakh]
12. Kurmanbekova Z.R. A linguistic analysis of social network communication. ISSN 2329-2210 / International Journal of Society, Culture & Language, 11(1), 2023. 119-132 ss. [in English]

Авторлар туралы мәлімет:

Тұрғанбаева Қымбат Мұратжановна – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Тұрғанбаева Қымбат Муратжановна – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Turganbayeva Kymbat Muratzhanovna – Doctoral student, L.N. Gumilev Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Саркенова Қарлығаш Құрманғалиқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

Саркенова Карлығаш Курманғалиевна – кандидат филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Sarkenova Karlygash Kurmangalieva – Candidate of Philology, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.